

Дәріс № 7. Сертификаттау туралы жалпы түсінік

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 3 - Табиғи-ғылыми аспектілерді ұғыну үшін ластаушы заттардың эмиссияларына байланысты тамақ өнімдеріндегі токсиканттар мен гендік модификацияланған ағзалардың жағымсыз процестері туралы түсініктерін қалыптастыру дағдыларын меңгере алады.

ПОН 4 - Қазіргі кезеңдегі қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттей отырып, ластануының негізгі бақыланатын параметрлерін жіктей алады;

ПОН 5 - Табиғи және қоршаған ортаны бағалау өлшемдері мен сапасының индикаторларын ажырата алады;

ПОН 6 - Табиғи ортаның негізгі бақыланатын параметрлеріне талдау жасай алады.

Дәрістің жоспары:

1. Сертификаттау

2. Сертификаттаудың даму тарихы

Дәрістің мақсаты: Сертификаттау туралы жалпы түсінікті таныстыру

Дәрістің мәтіні:

1. Сертификаттау

Сертификаттау деген сөз латын тілінен «дұрыс істелінген» деп аударылады.

Қазіргі кездегі республикамызда өндірілетін және шет елдерден әкелініп жатқан азық-түлік, шикізаттар мен тағамдық өнімдер адам өмірі үшін қауіпсіз, сапасы да сұраныс деңгейінде болуы тиіс.

Өндірілетін тауардың және көрсетілетін қызмет сапасы тұтынушылардың сұраныс талабына сай болуы үшін, өндірістің сапа көрсеткішін және өнім мен қызмет сапасын сертификаттап, жоғары сапалы тауар шығаруға, ол өнімдердің (қызметтердің) сапасы ішкі және халықаралық бәсекелестікке лайық қамтамасыз етеді.

Сертификаттау (куәландыру) - азаматтардың өміріне, [денсаулығына](#), мүлкіне және айналадағы ортаға [өнімнің](#) қауіпсіз болуы талаптарына сай келуін тексеру. Мамандандырылған мемлекеттік ұйымдар жүргізеді.

Сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін жазбаша куәландыратын рәсім.

Сертификаттау сәйкестікті бағалау бағытындағы іс-әрекеттің бірі болғандықтан, бұл салаға сәйкес келетін [терминдер](#) мен [анықтамалар](#) бар.

Сәйкестікті бағалау - өнімге, процеске, тұлғаға немесе органға қойылған талаптардың орындалғанының дәлелдемесі. Сәйкестікті растау, тіркеу, [аккредиттеу](#), тексеру және қадағалау сәйкестікті бағалау іс-әрекеттерінің айқын мысалы болып табылады. Сәйкестікті бағалауға үш жақ қатысады. Қатысушы жақтар дайындаушының (бірінші жақ), сатып алушылардың (екінші жақ) мүддесін қорғайды. Үшінші жақ - алғашқы екі жаққа да тәуелді емес тұлға немесе орган.

Сәйкесті растау нәтижесі — объектінің техникалық регламенттерінде, стандарттарында немесе шарттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын сәйкестікті бағалау рәсімі.

Сәйкестікті растау нысаны - нәтижелері өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық [регламенттерінде](#), стандарттарында немесе шарттарында белгіленген талаптарға сәйкестігінің дәлелі ретінде қаралатын іс-қимылдардың жиынтығы. Сәйкестікті растаудың екі түрі бар:

1. Сәйкестікті ерікті растау - дайындаушының (орындаушының) немесе сатушының бастамасы бойынша жүргізіліп, өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің [стандартқа](#), өзге де құжатқа немесе өтінім берушінің арнайы талаптарына сәйкестігін растауды жүзеге асыратын рәсім.

2. Сәйкестікті міндетті растау - өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсім.

Дайындаушының (орындаушының) айналысқа шығаратын өнімінің, көрсетілетін қызметінің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат - сәйкестік туралы

декларация деп аталады.

Сәйкестікті растау саласындағы құжат — [Қазақстан Республикасының заңнамасында](#) белгіленген тәртіппен сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген орган берген сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларация.

Сәйкестік сертификаты - өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға, стандарттардың немесе өзге де құжаттардың ережелеріне сәйкестігін куәландыратын құжат. Өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттар мен өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға

сәйкестігін растау рәсімінен өткені туралы сатып алушыларды хабардар етуге арналған белгі - сәйкестік белгісі деп аталады.

Сәйкестікті растау сызбасы - объектінің [техникалық регламенттерде](#), стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін осы жұмысты жүргізудің нақты кезеңдерін (сынау, өндірісті бағалау, нормативтік және техникалық құжаттаманы талдау ж.б.) сипаттай отырып айқындау тәсілдері.

Сәйкестікті растау, тауар шығарылатын мемлекетті анықтау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-[аудитор](#) - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестатталған маман.

Сынақ [зертханасы](#) (орталығы) - өнімнің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкестігіне сынақ жүргізетін зертхана, соның ішінде мемлекеттік органдар зертханасы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау комитетінің мәліметі бойынша еліміздегі өндірілетін өнімнің 70 %-і сертификатталады. Қазақстанда міндетті түрде сертификаттауға жататын, қауіпті деп есептелетін өнімнің үлесі 85 %-дей болады, сондықтан сертификаттау жұмысының маңызы әрі қарай да өсе береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде сертификаттау мына принципте жүргізіледі:

- өнім туралы мәліметтің дұрыстығын қамтамасыз ету;
- өндіруші мен тұтынушының тәуелсіздігі;
- сынақтың кәсіби түрде өтуі;
- шетелдік өтініш берушілерге қысым жасамау;
- өтініш берушінің сертификаттау органын, сынақ зертханасын таңдап алуға еріктілігі және сертификаттауға қатысатын адамдардың жауапкершілігі;
- сертификаттау жұмысында ИСО/МЭК аймақтың ұйымдар, халықаралық құжаттардың нұсқаулары мен ережелерін пайдалану т.б.

2. Сертификаттаудың даму тарихы

«Сертификация» термині жаңадан пайдалана бастаса да, ертеде 19-ғасырда пайда болған. 1890-1907 жылы басылып шыққан И.А. Ефрон мен Ф.А. Брокгауздың энциклопедиялық сөздігінде «сертификат» сөзіне бірнеше анықтама берген. Соның бірі «сертификат-это удостоверение». Бұрынғы кезде тауар өндірушілер өздерінің өнімдерінің сапасын жазбаша, яғни «сәйкестік туралы өтініштермен» бекіткен.

Ал Германияда 1934 жылдан бастап құрал-жабдықтарды электромагниттік сиымдылыққа сертификаттаған. АҚШ-та 1953 жылдан, ал басқа елдер 1991 жылдан бастап сертификаттау жұмыстарын меңгере бастаған.

Латын сөзінен аударғанда «сертификат сөзі дұрыс жасалған» деген мағына береді. Сапаны тексеру саласы бойынша сертификат Англияда 1926 жылы пайда болды. 1952 жылы Индияда «ИСИ сертификациялық таңбалар» туралы заң қабылданды. Сертификацияның дамуына жол ашқан, 60-шы жылдар соңында осы мақсатқа халықаралық стандарттарды пайдаланған ИСО болып табылады. Сертификаттауға арналған халықаралық стандарттарды құрастыруда табысқа жеткен бірлестіктер МЭК және БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы.

Сертификаттаудың Қазақстан Республикасында даму сатысы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» 1991 жылғы Қазақстан Республикасының заңын қабылдауымен байланысты.

Қазақстан Республикасының сертификаттаудың құқықтық негіздері 1993 жылы қабылданған «Стандарттау және сертификаттау туралы» заңда белгіленген. 1999 жылы қайта қаралып ҚР-ның «Сертификаттау туралы» жаңа заңы қабылданды. Бұл заңға 2003 жылдың 10 маусымында өзгерістер, толықтырулар енгізілді. 2004 жылы Қазақстандағы нарық реформасынына байланысты 9 қарашада № 603-ІІ мен «Техникалық реттеу туралы» заңы қабылданды.

Бұл заң стандарттау саласындағы қоғамдық қатынастарды үйлестіріп, МСЖ-нің құқықтық негіздерін анықтады. Сондай-ақ стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу, қолдану арқылы өнім, үрдіс (жұмыс) және қызмет сапалы мәселерінде мемлекет пен тұтынушылар мүддесін қорғау шараларын жүзеге асырады.

Заңның негізгі мақсаты өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Сертификаттау туралы айтыңыз.
2. Сертификаттаудың даму тарихын айтып беріңіз..

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Физикалық шамалардың сандық және сапалық сипаттамалары және ақпараттық орталық және оның функциялары

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.
5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова. Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университета, 2013. -172с.